

**"Ұлытау облысының экономика басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Ұлытау облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 маусымдағы № 03/16 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 39/02 қаулысы

Ұлытау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ұлытау облысының экономика басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2022 жылғы 29 маусымдағы № 03/16 Ұлытау облысы әкімдігінің қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ұлытау облысының экономика басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті іс-шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ұлытау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

*Ұлытау облысының әкімі*

*Б. Әбдіғалиұлы*

Ұлытау облысы әкімінің  
2023 жылғы 28 шілдедегі

№ 39/02 қаулысына  
қосымша

Ұлытау облысы әкімінің  
2022 жылғы 29 маусымдағы

№ 03/16 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

**"Ұлытау облысының экономика басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Ұлытау облысының экономика басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Экономика басқармасы) Ұлытау облысы аумағындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, стратегиялық, экономикалық және бюджеттік салаларда басшылық жүргізетін мемлекеттік органы болып табылады.

2. Экономика басқармасы мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің, Ұлытау облысы әкімінің және әкімдігінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Экономика басқармасы мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Экономика басқармасы мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Экономика басқармасы мемлекеттік мекемесі, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан Азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

6. Экономика басқармасы мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Экономика басқармасы мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Экономика басқармасы мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 100600 Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Ұлытау облысының экономика басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Экономика басқармасы мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Экономика басқармасы мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Экономика басқармасы мемлекеттік мекемесіне Экономика басқармасы мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Экономика басқармасы мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджет кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

1) облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру;

2) әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарымен өзара әрекеттестікте бюджеттік саясатты жүзеге асыру;

3) облыста өңірлік даму саясатын іске асыру.

14. Функциялары:

- 1) салалық басқармалармен бірлесіп облыстың даму жоспарын әзірлеу және мониторингілеу;
- 2) облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын әзірлеу;
- 3) жергілікті атқарушы органның меморандум жобасын әзірлеу;
- 4) облыстың, қала және аудандардың әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг жүргізу;
- 5) құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Ұлттық жобаларды және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің басқа да құжаттарын іске асыру, мониторингілеу;
- 6) облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын ескере отырып, жергілікті бюджетті жоспарлы кезеңге әзірлеу;
- 7) облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын ескере отырып, жергілікті бюджеттің кірістерін болжамдау;
- 8) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін. Жаңа бастамаларға арналған лимиттерді жоспарлы кезеңге облыстың даму жоспары мен мемлекеттік органның ережесінде анықталған өкілеттіктер негізінде айқындау;
- 9) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдер мен бюджеттік бағдарламалардың жобалары бойынша қорытындыларды қарау және қалыптастыру және оларды тиісті бюджет комиссиясының қарауына жіберу;
- 10) үш жылдық кезеңге облыстық бюджет пен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттері арасында жалпы сипаттағы трансферттер көлемін анықтау;
- 11) үш жылдық кезеңге облыстық бюджет жобасын жасайды және оны облыстың бюджет комиссиясының қарауына енгізеді;
- 12) облыстық бюджет комиссиясының қызметін қамтамасыз ету;
- 13) инвестициялық ұсыныстарды қарау, олардың нәтижелері бойынша қорытындыларды қалыптастыру және оларды бюджет комиссиясының қарауына енгізу;
- 14) жергілікті бюджет қаражаты есебінен бюджеттік инвестицияларды іске асыруға мониторингті жүргізу;
- 15) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы іске асыруы жоспарланған, бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесі бойынша экономикалық тұжырымдамасын дайындау;
- 16) өндіру келісім-шарттарының жобасына, біріккен барлау және өндіру келісім-шарттарының жобаларына, сондай-ақ өндіру бөлігінде бұрын жасалған келісім-шарттарына толықтырулар мен өзгертулердің жобаларына экономикалық сараптама жүргізу;
- 17) жергілікті атқарушы органмен айқындалған, заңды тұлғаның сараптамасы негізінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының инвестициялық ұсынысына және (немесе) бизнес-жоспарына берілетін қорытындыны дайындау;

18) іске асыруға жоспарланған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тізбесін қалыптастыру және бекіту;

19) Президент Әкімшілігі, Үкімет Аппараты, орталық атқарушы органдардың, әкімнің және облыс әкімдігінің тапсырмаларын орындау;

20) бухгалтерлік есеп және есеп беру, кадрлық-құқықтық жұмыстар жұмысы, әкімшілік шаруашылық қызметті жүргізу;

21) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың штаттық сандары лимиттерін белгілеу және көліктік қызмет көрсету туралы қаулысын әзірлейді және әкімдіктің қарауына енгізеді;

22) облыстың ауылдық елді мекендерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг жүргізу;

23) ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетін айқындау;

24) "Дипломмен ауылға!" бағдарламасы шеңберінде ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға мамандардың қажеттілігін қалыптастыру және әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мониторингі;

25) моно, шағын қалаларды, шекара маңындағы аумақтарды, аудан орталықтары мен тірек ауылдық елді мекендерді дамытудың кешенді жоспарларын, ауылдық және кенттік округтер орталықтарын дамыту жөніндегі облыстық іс-шаралар жоспарын әзірлеу және мониторингілеу;

26) "Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде жобалардың тізбесін қалыптастыру және олардың мониторингі;

27) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

### **3. Бірінші басшының мәртебесі, өкілеттіктері**

15. Мемлекеттік мекемесіне басшылықты Экономика басқармасы мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты бірінші басшы жүзеге асырады.

16. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

17. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

18. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) мемлекеттік мекемесі бөлімдерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтерінен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелеуді жүзеге асырады;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлеріне тәртіптік жаза белгілейді;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттамаға қол қояды;

6) мемлекеттік мекеменің бөлімдері туралы ережелерді бекітеді;

7) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің атынан өкілдік етеді;

8) мемлекеттік мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді, бағдарламалар жобаларын және басқа да құжаттарды әзірлеу барысын бақылайды;

9) мемлекеттік мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша есепті материалдарды дайындау жөніндегі жұмысты бақылайды;

10) бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу барысын үйлестіреді;

11) белгіленген тәртіппен қаржы-экономикалық және шаруашылық қызмет мәселелерін шешеді, бюджет қаражатының ұтымды және нысаналы атқарылуын бақылайды;

12) мемлекеттік мекеме қызметінде заңдылықтың, шарттық және қаржылық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

21. Бірінші басшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес құрылымдық бөлімшелер басшыларының өкілеттіктерін айқындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. Мемлекеттік мекеме заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікке ие бола алады.

23. Мемлекеттік мекеме мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден қалыптастырылады.

24. Мемлекеттік мекеменің бекітілген мүлкі коммуналдық меншікке жатады.

25. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, егер заңнамада

өзгеше көзделмесе, өз бетімен иеліктен шығаруына немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуіне құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК